


ЕЛДІН ҚАМЫН ОЙЛАҒАН

Миян Тәйкенов еңбек жолын Майқайың алтын руднигінде бұрғылау машинасында машинист болып бастаған. Баянауыл маңындағы экспедицияда қызу еңбекте жүрген кезінде Ұлы Отан соғысына аттанады.

1942 жылы 78-ші атқыштар полкіне атқыш болып кіріп, Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін, 1947 жылы елге оралады. Майқайың алтын комбинатындағы бұрынғы орнында жұмысын жалғастырады.

1947-1961 жылдары осы комбинаттың ыстығы мен суығына төзіп еңбек еткен Миян ақсақал жаңадан ашылған «Қарасу» кеңшарына қоныс аударады. Сол кеңшарда малшы болған Миян ата биік табыстарға қол жеткізді. Мал шаруашылығын өркендетіп, ілгері бастырғаны үшін ол Павлодар облысының ең озат малшысы деген атақ алып, 1971 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, бірнеше медальмен марапатталды. Аға малшы Миян Тәйкеновтің есімі ауданнан тыс жерлерде де дүркіреп, Мәскеуде өткен халық шаруашылығы көрмесіне



бірнеше рет қатысып қайтты.

Миян ақсақалдың бейбіт жылдары ел игілігіне жасаған мына бір жақсылығын ауылдастары әлі күнге дейін ауыздарынан тастамайды. Қабдолла Кәрімов басқарған уақытта бір жылдары ауыл халқы еңбекақыларын ала алмай, қаржылай қиындықтар орын алды. Осы тұста Миян ақсақал директорға қолұшын созып, кеңшар еңбеккерлеріне өзінің жеке қаражатынан қарызға аванс беріп тұратын.

«Ер ел үшін туады» дейді ғой қазақ. Миян ақсақал сынды азаматтар нағыз елі үшін туған бірегей жандар еді. Тыңда да, тылда да, соғыста да елінен қолынан келгенді аямаған мұндай жандардың есімдері ұмытылмақ емес.

Зейнолла Қожаев,
зейнеткер